



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 814 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 қыркүйек N 1391. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім және мәдениет министрлігі жоғары және орта арнаулы оқу орындарының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы N 814 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 18, 167-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі мен Қ.Иассауи атындағы Қазақ-Түрік университетіне бөлінген қаражат шегінде 1997 жылға арналған жоспарды белгілеудің функциялар мен бағдарламалар бөлігіне қажетті өзгерістер енгізілсін".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы